

## Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 1 наурыз N 337.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N 434 қаулысымен

"2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1999 жылғы 11 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылға арналған республикалық бюджетке кредиторлық берешекті өтеудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Мынадай құрамда Кредиторлық берешекті өтеуге байланысты мәселелерді қарау жөнінде комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын:

Өтембаев Ержан Әбілқайырұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы бірінші вице-министрі, төрағаның орынбасары

Бахмутова Елена Леонидовна - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің директоры

Нұрпейісов Қайрат Айтмұхамбетұлы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс вице-министрі

Кәрібжанов Қайрат Сәлімұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі

Константинов Анатолий Васильевич - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Күлекеев Жақсыбек Әбдірахметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика министрі

Құзытбаева Ажар Қылымбекқызы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Сейітқұл Қайырбек Сейітқұлұлы - Республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Тілеубердин Алтай Абылайұлы - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің төрағасы

Школьник Владимир Сергеевич - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі

Мыңбаев Сауат Мұхабетбайұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл

ш а р у а ш ы л ы ғ ы

м и н и с т р і .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2000 жылғы 1 наурыздағы

№ 337 қаулысымен

бекітілген

## 2000 жылға арналған республикалық бюджетке кредиторлық берешектерді өтеудің

### ЕРЕЖЕСІ

#### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) берушілер алдында 2000 жылғы (осы Ереженің 6-1-бөлімінде көзделген міндеттемелерден басқа) 1 қаңтардағы жағдай бойынша шығыстар сметасының атқарылу балансында көрсетілген республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын міндеттемелер бойынша өткен жылдары пайда болған кредиторлық берешектерді өтеу жөнінде есептемелер жүргізудің тәртібін р е т т е й д і . < \* >

Кредиторлық берешекті өтеуді:

тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) берушілер алдында, оның ішінде 1999 жылғы мемлекеттік тапсырысты атқарушылар (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер) алдында орталық мемлекеттік органдар (республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері);

тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) берушілер (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер) алдында орталық мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер (республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) жүзеге асыруы мүмкін;

осы Ереженің 6-1-бөліміне сәйкес несие берушілер алдында орталық мемлекеттік органдарды (мемлекеттік мекемелерді).<\*>

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.21. № 430 қаулысымен .*

2. Мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешекті өтеуі шаруашылық жүргізуші субъектілердің республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтаманы салық органы растаған сәтінде қалыптасқан, "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының

Заңына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтардан және басқа да міндетті төлемдерден басқа, негізгі борышты, өсімақыны және айыппұлдарды қоса есептегенде, республикалық бюджетке төленетін төлемдері бойынша берешегін өтеу есебінен жүргізіледі, бірақ салық төлеушінің дербес шоты бойынша 2000 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген сомалардың шегінде, өткен жылдардағыны қоса алғанда, 2000 жылғы 20 қаңтардағы (осы Ереженің 6-1-бөліміне сәйкес берешекті өтеуден басқа) жағдай бойынша пайда болған осындай берешектің (бұдан әрі - республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешек) сомасынан аспауы тиіс.\*>

*Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.21. N 430 қаулысымен.*

3. Республикалық бюджетке төлемдер бойынша кредиторлық берешекті өтеуді ресми түрде банкрот деп жарияланбаған не олар бойынша таратудың соттан тыс рәсімін жүргізу туралы шешімдер қабылданбаған:

мемлекеттік мекемелердің тікелей тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) берушілері;

мемлекеттік мекемелердің тікелей тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) берушінің одан кейінгі берушілерінің (бұдан әрі - Берушілер) бірі болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыруы мүмкін;

Республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешекті өтеуді, сондай-ақ осы Ереженің 6-1 бөлімінде белгіленген талаптарға сәйкес келетін шаруашылық жүргізуші субъектілер де жүзеге асырады.<\*>

*Ескерту. 3-тармақ 4-абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.21. N 430 қаулысымен.*

4. 1999 жылдың 1 қаңтарынан кейін Астана қаласындағы салық органдарында тіркелген берушілердің кредиторлық берешегін өтеу "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді қоспағанда, республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша жүргізіледі. Бұл ретте берешектің сомасын республикалық бюджеттің кірісіне есептеу Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласының арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 1996 жылғы 9 қазандағы N 3127 Жарлығымен белгіленген нормативтер бойынша бөлмей-ақ жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің консультативтік-кеңесші органы ретінде кредиторлық берешекті өтеуге байланысты мәселелерді қарау жөнінде комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссия мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) берушілер алдындағы кредиторлық берешегін өтеуге байланысты мәселелерді реттеу жөніндегі ұсыныстарды пысықтау мақсатында құрылады.

Комиссия мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін өтеудің кезектілігі мен басымдылығы бойынша ұсыныстар жасауға құқылы.

Комиссияның мәжілісі, егер оған Комиссияның жалпы құрамының көпшілігі қатысса, қабылдануы мүмкін.

Комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және егер, оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс бергенде қабылданған деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия мүшелері ерекше пікірге құқылы, егер оны айтқан жағдайда, ол хаттамада баяндалуы тиіс.

Комиссия отырысын өткізу нәтижелері бойынша, мәжіліске қатысқан, оның мүшелері қол қоятын хаттама жасалады.

Жұмыс пен консультациялар үшін Комиссияның белгіленген тәртіппен консультанттарды, сарапшылар мен мемлекеттік органдардың қызметшілерін тартуға құқығы бар.

Комиссияның қаралатын кредиторлық берешекті өтеудің сызбалары туралы жиынтық ақпарат беруін және Комиссиямен келісім бойынша оның мәжілістерінің өткізілу күні мен уақытын айқындауды қамтамасыз ететін жұмыс органы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болып табылады.

## **2. Мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешегін тіркеудің тәртібі**

6. Мемлекеттік мекеме әрбір тікелей берушімен республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын міндеттемелер бойынша пайда болған өзінің кредиторлық берешектерін салыстыру актісін жасайды. Ұсынылған актілер бойынша кредиторлық берешектің жалпы сомасы мемлекеттік мекеменің 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жылдық бухгалтерлік есебінде көрсетілген кредиторлық берешегінің сомасынан аспауы тиіс. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің осы мемлекеттік мекеменің бюджеттік шоты ашылған жердегі аумақтық органына (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық органы) бес данада кредиторлық берешекті салыстыру кесімдерінің түпнұсқаларын және мемлекеттік мекеменің басшысы растаған, бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттарының көшірмелерін ұсынады. < \* >

Мемлекеттік мекеменің осы Ережеге сәйкес бастапқы бухгалтерлік есебінің құжаттары:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 1 желтоқсандағы N 548 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын ұйымдарға арналған бухгалтерлік құжаттаманың нысандары альбомының нысандары:

408-нысандағы (6 мемориалдық ордер) әртүрлі ұйымдармен есеп айырысу жөніндегі жинақтаушы ведомость;

292-а нысандағы кәртiшке немесе 292-нысанды Есеп айырысулар кітабы;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 23 шілдедегі N 335 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есеп айырысуларды түгендеу кесімі болып табылады.<\*>

*Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1134 қаулысымен .*

7. Қазынашылықтың аумақтық органының жауапты орындаушысы салыстыру кесімдерінің деректерін жылдық бухгалтерлік баланс пен бастапқы бухгалтерлік есептің деректерімен салыстырады және N 1 нысан бойынша төрт данада, қазынашылықтың аумақтық органы мен мемлекеттік мекеменің басшылары қол қоятын және тиісті мөрлермен бекітілетін, 2000 жылғы 1 қаңтарға кредиторлық берешектің бар екендігі туралы анықтама жасайды. Бұл ретте бір тікелей берушіге бір анықтама беріледі.<\*>

Анықтамалар N 2 нысан бойынша нөмірленуі, жіппен баулануы және мастикалық мөр басылуы тиіс кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтамаларды тіркеу журналында бір нөмірмен тіркеледі. Журналдағы парақтардың саны қазынашылықтың аумақтық органы басшысының қолымен расталады. Анықтаманың нөмірі журналдағы нөмірдің реті бойынша қойылады.

Одан басқа, анықтамада салық органдарының анықтамалығы бойынша облыстың екі мәнді салықтық коды, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетімен құрылған, республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығы бойынша мемлекеттік мекеменің жеті мәнді коды, тікелей берушінің реттік нөмірі қойылады. Бұл кодтар арнаулы тіркеу кодын (тоғыз мәнді код/тікелей берушінің реттік нөмірі) құрайды.

*Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1134 қаулысымен.*

8. Салыстыру актісі бір данада, қоса берілген кредиторлық берешектің сомасын растайтын анықтаманың бір данасы қазынашылықтың аумақтық органында қалады және әрбір мемлекеттік мекеме бойынша арнаулы жүргізілген іс-қағазда сақталады. Қазынашылықтың жауапты атқарушысы мемлекеттік мекемеге үш данада анықтаманы және актілерге кредиторлық берешектің тіркелгендігін растайтын қазынашылықтың мөртабанын алдын ала қойып, салыстыру актілерінің қалған төрт данасын жібереді.

### **3. Мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешекті өтеу үшін құжаттарды дайындауы және ұсынуы**

9. Мемлекеттік мекеме тікелей берушілерден республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша олардың кредиторлық берешегі туралы ақпарат

с ұ р а т а д ы .

10. Республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегі бар тікелей беруші тіркелген жері бойынша аумақтық салық органынан кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтама сұратады. Салық органы N 3 нысан бойынша негізгі борышты, өсімақыны және айыппұлдарды көрсете отырып, төлемнің әрбір түрі бойынша республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы: 1 - тікелей берушіге (Берушілерге); 2 - мемлекеттік мекемеге; 3 - қазынашылықтың аумақтық органына; 4 - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне; 5 - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне; 6 - салық органына алты дана да анықтама дайындайды.

Салық органындағы дербес шотында берешегі жоқ, бірақ бұл ретте, оның бөлімшелерінің кредиторлық берешегі бар заңды тұлға беруші болып табылса, онда кредиторлық берешекті өтеу сызбасына бөлімшелердің орналасқан жері бойынша салық органының деректері бойынша, берешектің жалпы сомасы көрсетіле отырып, заңды тұлға енгізіледі. Бұл ретте, берешек тізбесіне төленбеген төлемдері енгізілген барлық бөлімшелер тізбеде көрсетіледі.

11. Салық органы N 4 нысан бойынша нөмірленуі, тігілуі және мастикалық мөр басылуы тиіс республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтамаларды тіркеу журналын жүргізеді. Журналдағы парақтардың саны салық органы басшысының қолы қойылып расталады. Анықтамада міндетті түрде мемлекеттік мекеменің атауы көрсетіле отырып, "Мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешектерін өтеу үшін" деген белгі қойылады.

Егер тікелей берушіден бір мезгілде бірнеше мемлекеттік мекемелер республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектің бар-жоғы туралы анықтама сұрататын болса, салық органы әрбір мемлекеттік мекеме үшін әр түрлі нөмірлермен жеке анықтама береді. Бұл ретте бір тікелей беруші бойынша көрсетілген берешектің жалпы сомасы оның республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегінен аспауы тиіс.

12. Тікелей берушінің республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегі болмаған жағдайда, сондай-ақ егер мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешегі тікелей берушінің республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешегінің сомасынан асатын болса, тікелей беруші олардың алдында өзінің кредиторлық берешегі бар Берушілерден, сондай-ақ одан кейінгі Берушілерден олардың 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегінің бар-жоғы туралы ақпарат сұратады. Республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешегі бар Берушілер тікелей берушіге осы Ереженің 10-

тармағына сәйкес аумақтық салық органдарының анықтамаларын ұсынады.

13. Тікелей беруші Берушімен, бес данада тікелей беруші мен Берушінің басшылары және бас бухгалтерлері қол қойған, кредиторлық берешекті салыстыру актісін жасайды. Әрбір салыстыру актісі мен салық органдары анықтамаларының үш данасы мемлекеттік мекемеге жолданады.

2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша берушілер арасында кредиторлық берешек болмаған жағдайда, ағымдағы жылдың басынан бастапқы кезеңде пайда болған осы берушілер арасында кредиторлық берешектің салыстыру актісін ж а с а у ғ а р ұ қ с а т е т і л е д і .

14. Мемлекеттік мекеме тікелей беруші мен Берушінің тіркелген жері бойынша салық органдарының кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтамаларында көрсетілген сомаларды, салыстыру актілерінде көрсетілген сомалармен және өзінің кредиторлық берешегінің сомасымен салыстырады және N 5 нысан бойынша, осы Ереженің 4-бөліміне сәйкес тәртіппен төрт данада кредиторлық берешекті өтеудің сызбасын жасайды.

15. Мемлекеттік мекеме кредиторлық берешекті өтеу сызбасының, тікелей беруші мен оның Берушілерінің арасындағы кредиторлық берешекті салыстыру актілерінің барлық даналарын және тікелей берушінің, Берушілердің республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегінің бар-жоғы туралы салық органдарының анықтамаларын бір-бір данадан қазынашылықтың аумақтық органына тіркеуге жолдайды.

Мемлекеттік мекеме тікелей берушіге құжаттардың алынғандығы және оның Берушілерінің өтеу сызбасына енгізілгендігі туралы жазбаша хабарлайды. Тікелей беруші мемлекеттік мекеменің жазбаша хабарлауын өзі тіркелген және өтеу сызбасына қатысушы Берушілер тіркелген жер бойынша салық органдарына ж о л д а й д ы .

16. Қазынашылықтың аумақтық органы берушілердің кредиторлық берешегінің салыстыру актілеріне өзінің мөртабанын қояды.

Қазынашылықтың аумақтық органы осы Ереженің 28-тармағында көрсетілген кредиторлық берешекті өтеу сызбасына қоса берілген қажетті құжаттардың б а р - ж о ғ ы н т е к с е р е д і .

Кредиторлық берешекті өтеу сызбасы N 6 нысан бойынша кредиторлық берешекті тіркеу журналында тіркеледі. Тіркелген кредиторлық берешекті өтеу сызбасының көшірмесін мемлекеттік мекемеге қызмет көрсететін қазынашылық органына есеп айырысуға қатысатын қазынашылықтың барлық аумақтық о р г а н д а р ы н а ж е т к і з е д і .

17. Қазынашылықтың аумақтық органдары есеп айырысулар жүргізу үшін м ы н а д а й ш о т т а р :

2000 жылы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік



мекемелердің Анықтамалығы және бюджеттік ақшаны бас және төмен тұрған бөлушілердің рұқсаты негізінде N 2, N 2-а нысанында олардың орналасқан жері бойынша ашылатын мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарын;

кредиторлық берешекті өтеу сызбасының негізінде тікелей беруші мен Берушілердің орналасқан жері бойынша қазынашылықтың аумақтық органдарында кредиторлық берешекті өтеу сызбасына енгізілген тікелей беруші мен Берушілерге жұмсау құқығынсыз ағымдағы шоттарды пайдаланады.

Ағымдағы шоттар (уақытша) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 1997 жылғы 4 наурыздағы N 61 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Екінші деңгейдегі банктерде клиенттердің банктік шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың тәртібі туралы" Нұсқаулығының талаптарына сәйкес ресімделген қолдардың міндетті түрде ұсынылған үлгілерімен ашылады.

Банкрот деп жарияланған не олар бойынша таратудың соттан тыс рәсімдері жүргізілетін шаруашылық жүргізуші субъектілерге ағымдағы шоттар а ш ы л м а й д ы .

Ағымдағы шоттарды ашқан қазынашылықтың аумақтық органдары аталған шоттардың ашылғандығы туралы мемлекеттік мекемеге қызмет көрсетілетін қазынашылықтың аумақтық органына хабарлайды.

18. Мемлекеттік мекеме республикалық бюджеттік бағдарламалардың ә к і м ш і с і н е е к і д а н а д а :

белгіленген тәртіппен жасалған және тіркелген кредиторлық берешекті өтеу с ы з б а с ы н ;

осы Ереженің 28-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Қажет болған жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемеден қосымша құжаттар талап етуге құқығы бар.

19. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ұсынылған сызбалар мен құжаттардың бар-жоғын, растығын және сәйкестігін тексереді, N 7 нысан бойынша кредиторлық берешекті өтеуге қатысатын мемлекеттік мекемелердің тізілімін жасайды, бір данада осы Ереженің 28-тармағында көрсетілген сызбалар мен құжаттарды қоса береді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарауына және құжаттардың көшірмесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне жолдайды.

#### **4. Кредиторлық берешекті өтеудің сызбаларын жасаудың тәртібі**

20. Мемлекеттік мекеме республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша Берушілердің кредиторлық берешегінің бар-жоғы туралы салық органдарының анықтамалары мен Берушілердің кредиторлық берешегін салыстыру актілерін алғаннан кейін оларды өздерінің тікелей берушінің алдындағы кредиторлық берешегінің сомасымен салыстырады және сызбаға



кіргізу үшін берешектің сомасын айқындайды.

Сызба тікелей беруші мен Берушілердің республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектерінің сомасына, бірақ мемлекеттік мекеменің тиісті тікелей беруші алдындағы кредиторлық берешегінің сомасынан аспайтын сомаға ж а с а л а д ы .

21. Сызба әрбір тікелей берушіге жасалады. Тікелей берушіде республикалық бюджетке жасалатын төлемдер бойынша кредиторлық берешегі болмаған жағдайда сызда есеп айыруға қатысатын барлық Берушілер көрсетіледі.

Заңды тұлғалардың бөлімшелерінің кредиторлық берешегін өтеу сызбасына қатысу жағдайында, 7, 8, 9-бағандарда заңды тұлға және бөлімшелерге берілген салық органдарының анықтамалары бойынша республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектің жалпы сомасы көрсетіледі, сондай-ақ берешегінің сомасы көрсетіле отырып, барлық бөлімшелер жол-жолымен с а н а м а л а н а д ы .

22. N 5 нысанның 1-бағанында олар бойынша тікелей берушінің алдында кредиторлық берешек бар экономикалық жіктеудің ерекшеліктері, 2-бағанында - әр ерекшелік бойынша кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі. Тікелей берушінің республикалық бюджеттің алдындағы берешегі 7-бағанда тікелей берушінің атауы, орналасқан жері және СТН-і мен 8-бағанда олар бойынша республикалық бюджеттің алдында кредиторлық берешегі бар кірістердің кодтары көрсетіле отырып 9-бағанда көрсетіледі.

23. Тікелей берушіде республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегі болмауы және оның басқа Берушіде болуы жағдайында тікелей берушінің аталған Берушінің (2-берушінің) алдындағы өтеу сомасына кредиторлық берешегі 4-бағанда көрсетіледі. 3-бағанда тікелей берушінің атауы, орналасқан жері және СТН-і көрсетіледі.

24. Егер, өз кезегінде 2-Берушінің республикалық бюджеттің алдында кредиторлық берешегі болмаса, бірақ, өз кезегінде, республикалық бюджеттің алдында кредиторлық берешегі бар 3-Берушінің алдында кредиторлық берешегі болса, 2-Берушінің 3-Берушінің алдындағы өтеу сомасына кредиторлық берешегі 6-бағанда көрсетіледі. 5-бағанда 2-Берушінің атауы, орналасқан жері және СТН-і к ө р с е т і л е д і .

25. Берушілердің саны көбейген жағдайда, республикалық бюджеттің алдында кредиторлық берешегі жоқ 2-Берушіден бастап барлық Берушілер 6-бағанда өтеу сомалары көрсетіле отырып 5-бағанда жеке жолдарда көрсетіледі.

26. Берушілердің республикалық бюджеттің алдындағы кредиторлық берешегі 7-бағанда салық төлеушінің атауы, орналасқан жері және СТН-і мен 8-бағанда ол бойынша республикалық бюджеттің алдындағы кредиторлық берешегі бар кірістердің кодтары көрсетіле отырып 9-бағанда көрсетіледі.

27. 2 және 9-бағандардың сомасы тең болуы тиіс және мемлекеттік мекеменің қазынашылықтың аумақтық органдарында тіркелген тікелей берушінің алдындағы және соңғы Берушінің салық органының анықтамасында көрсетілген республикалық бюджеттің алдындағы кредиторлық берешектерінің сомаларынан а с п а у ы қ а ж е т .

28. Сызбаға мынадай құжаттар:

нөмірі мен берілген күні көрсетіле отырып, Берушілердің республикалық бюджеттің алдында кредиторлық берешегінің бар-жоғы туралы салық органдарының анықтамалары;

нөмірі мен берілген күні көрсетіле отырып, мемлекеттік мекеменің тікелей берушінің алдындағы кредиторлық берешегінің бар-жоғы туралы қазынашылықтың аумақтық органдарының анықтамалары;

нөмірлері, қол қойылған күндері көрсетіле отырып және қазынашылықтың аумақтық органының мөртабанымен берушілердің кредиторлық берешегінің салыстыру актісі қоса беріледі.

29. Кредиторлық берешекті өтеудің сызбасына мемлекеттік мекеменің және тікелей берушінің, есеп айырысуға енгізілген басқа да Берушілердің басшылары қол қояды, мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешектерінің бар-жоғы туралы анықтама тіркелген қазынашылықтың аумақтық органында тіркеледі.

30. Қазынашылықтың аумақтық органы сызбаға нөмір береді, сызбаға қазынашылықтың басшысы қол қояды, мөрмен куәландырады және есеп айырысуға қатысушы барлық берушілердің орналасқан жері бойынша қазынашылықтың аумақтық органдарына жолдайды.

### **5. Кредиторлық берешекті өтеу жөніндегі есеп айырысуларды жүргізудің тәртібі**

31. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құжаттар осы Ереженің 6-дан бастап 30-ды қоса алғандағы тармақтарында айтылған талаптарға сәйкес болған жағдайда, ұсынылған құжаттар бойынша қорытынды дайындайды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы салық органдарының анықтамалары бойынша қорытындылар дайындайды.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі құжаттарды Комиссияның Жұмыс органында тіркегеннен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Қаржы министрлігінің түсіндірулерімен және қорытындыларымен бірге сызбалардың көшірмелерін Комиссияның мүшелеріне жолдайды.

32. Комиссия ұсынылған құжаттарды қарайды және олар бойынша ұсыныстар әзірлейді. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Комиссия

мәжілісінің хаттамасы негізінде Комиссия мақұлдаған сызбалар бойынша кредиторлық берешек туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің жобасын дайындайды және белгіленген тәртіппен оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарауға енгізеді.

33. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кредиторлық берешекті өтеу туралы шешімінің негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне қазынашылық рұқсат жазады. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелердің тізіліміне сәйкес мемлекеттік мекемеге р ұ қ с а т ж а з а д ы .

34. Мемлекеттік мекеменің шоты ашылған қазынашылықтың аумақтық органы қаржыландыру лимиттері келіп түскен кезде немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің жазбаша нұсқауын алған кезде, кредиторлық берешекті өтеудің есеп айырысуларына қатысушы мемлекеттік мекемелердің тізілімдерін қоса бере отырып, электронды почтамен 2000 жылғы 20 қаңтардағы жағдай бойынша расталған күні өтелмеген және берешектің сомасынан аспайтын республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар екендігіне растау алу үшін салық төлеушінің тіркелген жері бойынша тиісті салық органына N 8 нысан бойынша сұрау салу-растау жолдайды.

35. Салық органы салық төлеушінің бұрын N 3 нысан бойынша тиісті анықтамада көрсетілген берешегін N 8 нысан бойынша растайды.

36. Мемлекеттік мекеме тікелей берушіге оның ағымдағы шотына төлем тапсырмасын жазып береді және оны төлеу үшін қазынашылық органына ұ с ы н а д ы .

37. Қаржыландыру лимиті түскен қазынашылықтың аумақтық органы салық органы растаған соманы кредиторлық берешекті өтеу сызбасымен және мемлекеттік мекеменің төлем тапсырмасымен салыстырады. Олар сәйкес келген жағдайда төлем тапсырмасы арналымы бойынша жөнелтіледі. Егер салық органы растаған берешектің сомасы сызбада, мемлекеттік мекеменің төлем тапсырмасында көрсетілген сомадан аз болса, салық органының растауында көрсетілген сомаға ресімделеді. Лимиттің қалған сомасы кері қайтарып алуға жатады. Салық органы сұрау салуды растамаған жағдайда, қазынашылықтың аумақтық органы төлем тапсырмасын қабылдамайды.

38. Тікелей беруші 107101 "Берешектердің республикалық бюджетке түсуі" кіріс кодымен салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органының СТН-ін көрсете отырып, ағымдағы шоттан 080 "Бюджеттердің арасында бөлінетін кірістер" шотына төлем тапсырмасын жазады.

Бұл ретте төлем тапсырмасында мынадай деректермелер:

М Ф О ;

ш о т т ы ң н ө м і р і ;

берушінің (салық төлеушінің) атауы;

реттік нөмірімен бірге тіркеудің тоғыз орынды коды, мәтіндік кеңістікте "Кредиторлық берешекті өтеу" деген сөздер және төлемдерді тағайындау түрлері б о й ы н ш а с о м а с ы ;

төлемнің тағайындалған коды (107101);

шығыстардың тоғыз орынды коды (мемлекеттік мекемелер үшін);

төлемнің жалпы сомасы көрсетілуі міндетті.

39. Тікелей берушіде республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегі болмаған жағдайда тікелей беруші 2-Берушінің расталған берешегінің сомасына оның орналасқан жері бойынша қазынашылықтың аумақтық органы ашқан оның ағымдағы шотына төлем тапсырмасын жазады. 2-Беруші, өз кезегінде, осы Ереженің 38-тармағына сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне төлем тапсырмасын жазады.

Сызбаларға сәйкес бірнеше Беруші қатысқан жағдайда төлем тапсырмасы бір Берушінің ағымдағы шотынан екінші Берушінің ағымдағы шотына жазылады.

Салық органдары заңды тұлғалардың бөлімшелерінің республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегін растаған жағдайда, заңды тұлға өзінің төлем тапсырмасымен олардың бөлімшелерінің тіркелген орны бойынша салық органының СТН-ін және бөлімшенің атауын көрсете отырып, 107101 "Берешектердің республикалық бюджетке түсуі" кодына берешектің сомасын есепке алады.

Ресми түрде банкрот деп жарияланған не ол бойынша таратудың соттан тыс рәсімін жүргізу туралы шешімдер қабылданған Берушілердің шоттарына ақша қаражатын аударуға рұқсат етілмейді. Егер, соған қарамастан, көрсетілген ұйымдардың шоттарына ақша қаражаты есепке алынған болса, онда операция қате болып саналады, ал ақша қаражаты мемлекеттік мекеменің бюджеттік шотына қайтаруға жатады, ал лимиттер кері қайтарып алуға жатады.

40. Қазынашылықтың аумақтық органы өтеу сызбасына сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне соңғы төлем жүргізгеннен кейін төлемдер жүргізілген қазынашылық органдарына төлем тапсырмаларын жібереді. Жауапты атқарушы арнайы жүргізілген іс қағазына төлем тапсырмасын тігеді және кредиторлық берешекті өтеу сызбасына және кредиторлық берешектерді өтеу сызбаларын тіркеу журналына белгі соғады.

Одан басқа, кредиторлық берешекті өтеудің сызбасы тіркелген қазынашылықтың аумақтық органы салық төлеушінің тіркелген жері бойынша салық органына оның бұрын осы салық органы растаған республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешегінің өтелгендігі

туралы N 8 нысан бойынша растау жолдайды.

Салық органы берушінің төлем тапсырмасына сәйкес кредиторлық берешекті өтеудің есептемесін жүргізгеннен кейін республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтамаларды тіркеу журналында тиісті белгі соғады.

## **6. Есеп және есептілік**

41. Мемлекеттік мекеме төлем тапсырмасы көшірмесінің негізінде бухгалтерлік есеп пен есептілікте тікелей берушілердің алдындағы кредиторлық берешектің өтелгендігін көрсетеді.

Мемлекеттік мекемелердің берешекті өтеуді бухгалтерлік есепте көрсетуі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1998 жылғы 15 мамырдағы N 217 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік мекемелердің жылдық, тоқсандық бухгалтерлік есептілігінің көлемі мен нысандары туралы" Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ұсынылады.

42. Аумақтық салық органы қазынашылықтың аумақтық органының осы Ереженің 40-тармағында көзделген тәртіппен берілген төлем тапсырмасы мен растауын алған кезде төлем тапсырмасында көрсетілген төлемдердің түрлері бойынша салық төлеушінің кредиторлық берешегін есептеп шығарады. Түсімдер туралы есепте аталған төлемдер 107101 "Берешектердің республикалық бюджетке түсуі" коды бойынша көрсетіледі.

43. Есепте бір Берушінің екінші Берушінің алдындағы кредиторлық берешегін есептен шығару үшін қазынашылықтың аумақтық органы растаған ағымдағы шот бойынша үзіндінің көшірмесі мен төлем тапсырмасының көшірмесі негіздеме болып табылады.

**6-1. Жергілікті облыстық атқарушы органдардың екінші деңгейдегі банктер алдындағы әлеуметтік мақсаттарға пайдаланылған, осы міндеттемелер бойынша ортақ жауапкершілікте болатын орталық атқарушы органдар жүзеге асыратын несиелер бойынша кредиторлық берешегін өтеудің ерекшеліктері <\*>**

*Ескерту. 6-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.21. N 430 қаулысымен .*

43-1. Жергілікті облыстық атқарушы органдардың екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - Банктер) алдындағы облыстық әкімшілік-аумақтық бірліктердің әлеуметтік мақсаттарына алынған және пайдаланылған несиелер бойынша кредиторлық берешегін өтеуді, егер орталық атқарушы органдар осы міндеттемелер бойынша ортақ жауапкершілікте болған жағдайда, орталық

атқарушы органдар жүргізеді.

Соттың тиісті шешімінің болуы орталық атқарушы органдардың ортақ жауапкершілігіне растама болып табылады.

43-2. Жергілікті облыстық атқарушы органдармен бірге екінші деңгейдегі банктер алдындағы ортақ міндеттемелер бойынша кредиторлық берешекті өтеуді республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтаманы салық органы растаған сәтінде қалыптасқан, " Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлінетін салықтарды және басқа да міндетті төлемдерден басқа, негізгі борышты, өсімақыны және айыппұлдарды қоса есептегенде, салық және республикалық бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің берешегін өтеу есебінен орталық атқарушы органдар жүргізеді (бұдан әрі - С у б ъ е к т і л е р ) .

43-3. Жергілікті облыстық атқарушы орган Банкпен бірге әлеуметтік мақсаттарға алынған және пайдаланылған несиелер бойынша берешекті салыстыру актісін жасайды. Егер соттың шешімі болған жағдайда, онда салыстыру актісі соттың шешімімен расталған сомаға жасалады.

43-4. Банк оларға N 9 нысан бойынша салық органдары анықтама берген сәтінде толығымен республикалық бюджетке есепке алынатын салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі бар Субъектілерді, оның ішінде осы Ереженің 4-тармағына сәйкес 1999 жылғы 1 қаңтардан кейін Астана қаласының салық органдарында тіркелген Субъектілерді анықтайды және олармен осы берешекті өтеу үшін банктік несиелер беру туралы несиелік шарттар жасасады.

43-5. Банк жергілікті облыстық атқарушы органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне (немесе жергілікті облыстық атқарушы органның міндеттемелері бойынша ортақ жауапкершілікте болатын тиісті орталық атқарушы органға, егер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы бөлімнің шарттары бойынша осындай болып табылмаса) мынадай құжаттарды (нотариалды куәландырылған бес данада):

шарттары бойынша әлеуметтік мақсаттарға несиелер алынған және пайдаланылған Банк пен жергілікті облыстық атқарушы органның несиелік ш а р т ы н ;

Банктен жергілікті облыстық атқарушы органның несиелер алғаны мақұлданған облыстық мәслихаттардың шешімдерін;

әлеуметтік мақсаттарға алынған несиелердің пайдаланылуы туралы жергілікті облыстық атқарушы органның анықтамасын (түпнұсқа);

43-3-тармаққа сәйкес берешекті салыстыру актісін (түпнұсқа);

Субъектіге республикалық бюджетке берешекті өтеу үшін несиелер беру туралы



Банк пен Субъекті арасындағы несиелік шартты (түпнұсқа);  
Салық органдарының N 9 нысан бойынша анықтамасын (түпнұсқа) ұсынады.

43-6. Орталық атқарушы орган ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін оларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне береді.

43-7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ұсынылған материалдардың негізінде есеп айырысуды жүргізу жөнінде ұсыныстар даярлайды және оларды Комиссияның қарауына енгізеді.

43-8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі берешекті өтеудің ұсынылған нұсқасын Комиссия мақұлдаған жағдайда, мұнда кредиторлық берешекті өтеу жөніндегі есеп айырысуды жүргізу үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін көрсете отырып, Банк алдындағы берешекті өтеу туралы тиісті қаулының жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

43-9. Банк пен Субъектілерге белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің хаттары негізінде қазынашылық органдарында ағымдағы (уақытша) шоттар ашылады.

43-10. Берешекті өтеу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне қазынашылық рұқсат жазып береді.

43-11. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қазынашылықтың аумақтық органында Банктің ағымдағы шотына ақша аударуға төлем тапсырмасын толтырады және қазынашылықтың осы аумақтық органына 43-5-тармақта санамаланған құжаттардың екі данасын жібереді.

43-12. Банк Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен түскен ақшаны банктік несие ретінде Субъектілердің ағымдағы шоттарына аударуға төлем тапсырмасын жазып береді.

43-13. Банктің шоты ашылған Қазынашылықтың аумақтық органы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен қаражат түскен кезде республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша растаманың күнінде өтелмеген кредиторлық берешектің бар-жоғына растама алу үшін Субъектінің тіркелген жеріндегі тиісті салық органына N 8 нысан бойынша сұрау салу-растауды электрондық почта арқылы жібереді.

43-14. Салық органы N 9 нысанға сәйкес бұрын тиісті анықтамада көрсетілген N 8 нысан бойынша Субъектінің берешегін растайды.

43-15. Қазынашылықтың аумақтық органы салық органдары растаған соманы Банктің төлем тапсырмасымен салыстырады. Олар сәйкес келген жағдайда,

төлем тапсырмасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен алынған құжаттардың бір данасымен қоса мақсатты жеріне жіберіледі. Егер салық органы растаған берешек сомасы N 9 нысанға сәйкес салық органының анықтамасында көрсетілген сомадан кем болып шықса, Банктің төлем тапсырмасы салық органының растамасында көрсетілген сомаға ресімделеді. Лимиттің қалған сомасы кері қайтарып алуға жатады. Салық органы сұрау салуды растамаған жағдайда, Қазынашылықтың аумақтық органы төлем тапсырмасын қ а б ы л д а м а й д ы .

43-16. Субъектілердің ағымдағы шоттарына Банктен ақша түскеннен кейін ағымдағы шотынан олар салық төлеушінің тіркелген жеріндегі салық органының СТН-і көрсетіле отырып, бюджетке төлемдер бойынша расталған берешектің сомасына кірістің 107101 "Республикалық бюджетке берешектің түсуі" коды бойынша 080 "Бюджеттердің арасында бөлінетін кірістер" шотына төлем та п с ы р м а с ы н ж а з ы п б е р е д і .

Бұл ретте төлем тапсырмасында мынадай деректемелердің көрсетілуі м і н д е т т і :

М Ф О ;

ш о т т ы ң н ө м і р і ;

Субъектінің (салық төлеушінің) атауы;

"Кредиторлық берешекті өтеу" деген сөздер және төлем мақсаттарының мәтіндік кеңістігінде төлемдердің түрлері бойынша сомалар;

төлем мақсаттарының коды (107101);

төлемнің жалпы сомасы .

43-17. Республикалық бюджеттің кірісіне қорытынды төлем жүргізілгеннен кейін қазынашылықтың аумақтық органы ол туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне х а б а р л а й д ы .

Бұдан басқа, қазынашылықтың аумақтық органы салық төлеуші ретіндегі Субъектінің тіркелген жері бойынша салық органына республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша бұрынырақта салық органының деректерімен расталған, оның кредиторлық берешекті өтегені туралы N 8 нысан бойынша растаманы Субъектінің тұрған жері бойынша жібереді.

43-18. Салық органы кредиторлық берешекті өтеу жүргізілгеннен кейін республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешектің бар-жоғы туралы анықтаманы (N 4 нысан) тіркеу журналында Субъектінің төлем тапсырмасына сәйкес тиісті белгі соғады.

## **7. Жауаптылық**

44. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, мемлекеттік мекемелер, тікелей берушілер, Берушілер, қазынашылықтың аумақтық органдары, салық органдары және басқа да ұйымдар қолданылып жүрген

заңдарға сәйкес теріс және әдейі жалған мәліметтер ұсынғаны үшін жауаптылықта болады.

№ 1-нысан

-----

(Қазынашылықтың аумақтық органының атауы)

Берілген күні 2000 жылғы "----"-----

2000 жылғы 1 қаңтардағы  
кредиторлық берешектің бар екендігі туралы  
№-----АНЫҚТАМА

-----

( о б л ы с т ы ң   к о д ы )

-----

(мемлекеттік мекеменің коды)

Осы анықтама -----берген

(мемлекеттік мекеменің атауы мен СТН-і)

-----салыстыру актісінің негізінде жасалды:

-----

|            |             |         |         |                    |                          |
|------------|-------------|---------|---------|--------------------|--------------------------|
| № !        | Беруші      | !       | Тіркеу! | Актінің деректері! | Экономикалық             |
| р/!-----!  | коды        | !-----! |         |                    | жіктеме                  |
| р ! атауы! | орналасқан! | СТН-і!  | ! күні  | ! Сомасы !         | ерекшелігінің ! ! жері ! |
| !          | !           | !       | ! теңге | !                  | коды                     |

-----

|     |     |   |   |     |     |     |     |   |
|-----|-----|---|---|-----|-----|-----|-----|---|
| 1 ! | 2 ! | 3 | ! | 4 ! | 5 ! | 6 ! | 7 ! | 8 |
|-----|-----|---|---|-----|-----|-----|-----|---|

-----

-----

Жиыны

Кредиторлық берешек сомасының жиыны -----теңге-----

(санмен) (сомасы жазумен)

-----

Осы анықтамаға мыналар қоса беріліп отыр:

1. -----
2. -----
3. -----
4. -----

Қолдары: -----

(қазынашылықтың аумақтық органының (мемлекеттік мекеменің басшысы,  
басшысы, лауазымы және аты-жөні) лауазымы және аты-жөні)

Мұқабаның үлгісі

(Қазынашылықтың аумақтық органының атауы)

Кредиторлық берешектің бар екендігі  
туралы анықтамаларды тіркеу

ЖУРНАЛЫ

Ескерту. 2-нысан өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.27. N 1134 қаулысымен.

--- жылғы ----- басталды

---жылғы-----аяқталды

Жалғасы

Журналдың барлық парақтары осы үлгі бойынша басылсын

Мемлекеттік мекеменің атауы -----

|                          |                       |              |                       |                            |        |            |                                  |
|--------------------------|-----------------------|--------------|-----------------------|----------------------------|--------|------------|----------------------------------|
| Анықтаманың берген күні! | Анықтама берген күні! | Тіркеу күні! | Тікелей беруші атауы! | Ұсынылған орналасқан жері! | № және | СТН-і және | актісіне                         |
| !                        | !                     | !            | !                     | !                          | !      | !          | !                                |
| !                        | !                     | !            | !                     | !                          | !      | !          | !                                |
| !                        | !                     | !            | !                     | !                          | !      | !          | !                                |
| !                        | !                     | !            | !                     | !                          | !      | !          | !                                |
|                          |                       |              |                       |                            |        |            | сәйкес берешектің сомасы (теңге) |

|       |       |       |       |       |       |       |       |
|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| ----- | ----- | ----- | ----- | ----- | ----- | ----- | ----- |
| 1     | 2     | 3     | 4     | 5     | 6     | 7     |       |
| ----- | ----- | ----- | ----- | ----- | ----- | ----- | ----- |

таблицаның жалғасы:

|                                   |   |                                  |   |                              |
|-----------------------------------|---|----------------------------------|---|------------------------------|
| Анықтама берген тұлғаның аты-жөні | ! | Анықтама алған тұлғаның аты-жөні | ! | Анықтама алған тұлғаның қолы |
| 8                                 | ! | 9                                | ! | 10                           |

(Аумақтық салық органының атауы, СТН-і)

2000 жылғы "-----"-----

Республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша  
кредиторлық берешектің бар екендігі туралы

N ----- АНЫҚТАМА

-----  
(салық төлеушінің атауы)  
-----

(Салық төлеуші заңды тұлғаның бөлімшесі болып табылған жағдайда,  
заңды тұлғаның атауы)

-----  
(Мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешегін өтеу үшін)  
-----

(облыстың коды)

-----  
(салық төлеушінің СТН-і)  
-----

1. ----- қалыптасқан, бірақ 2000 жылғы 20  
(анықтама берілген күн)

қаңтардағы жағдай бойынша пайда болған төлеушінің дербес шоты  
бойынша көрсетілген осындай берешектің сомасынан аспайтын  
республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектің жалпы  
сомасы ----- теңгені құрайды, оның ішінде төлемдердің түрлері  
( т е н г е )

б о й ы н ш а :

-----  
Төлемнің!Төлемнің атауы!Берешектің!Негізгі!Өсімақы!Айыппұлдар! Мем.  
коды ! ! жалпы ! борыш ! ! ! меке  
! ! сомасы ! ! ! !менің ! ! ! ! !  
! к р е д и  
! ! ! ! ! ! торлық  
! ! ! ! ! ! бере -  
! ! ! ! ! ! шегін  
! ! ! ! ! ! өтеу  
! ! ! ! ! ! сызба -  
! ! ! ! ! ! сына  
! ! ! ! ! ! енгізуге  
! ! ! ! ! ! арналған

! ! ! ! ! ! с о м а

---

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---

---

Ж и ы н ы

---

2. -----  
(1999 жылғы 1 қаңтардан кейін Астана қаласының салық органдарында тіркелген берушілер бойынша тіркеу күні мен нөмірі)

3. Осы анықтама ----- данада берілді.

Салық комитетінің төрағасы -----  
МО (қолы) (аты-жөні)

Талдау және есеп бөлімінің бастығы -----  
(қолы) (аты-жөні)

Н 4 - н ы с а н  
Мұқабаның үлгісі

-----  
(аумақтық салық органының атауы)

Республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша  
кредиторлық берешектің бар екендігі туралы анықтамаларды тіркеу  
ЖУРНАЛЫ

--- жылғы ----- б а с т а л д ы

---жылғы-----аяқталды

Ж а л ғ а с ы

Журналдың барлық парақтары осы үлгі бойынша басылсын

Салық төлеушінің аты-жөні -----

---

Анықтаманың! Анықтама ! Төлем !СТН-і ! Берешектің ! Мемлекеттік  
нөмірі !берген күн! коды ! ! жалпы сомасы ! мекеменің  
! ! ! ! (теңге) ! атауы

---

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

---

---

таблицаның жалғасы:



-----  
Мекеменің кредиторлық ! Өтеу туралы белгі  
берешегін өтеу сызбасына енгізуге !-----  
арналған сома !төлем тапсырм. ! Күні ! Сомасы  
! нөмірі ! ! (теңге)

-----  
7 ! 8 ! 9 ! 10  
-----

-----  
N 5-нысан

N ----- кредиторлық берешекті өтеу сызбасы

-----  
(мемлекеттік мекеменің атауы, орналасқан жері, СТН-і, коды)  
тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді берушілер алдындағы

-----сомаға  
(сомасы жазумен, мың теңгемен)

-----қ.

(күні)

-----  
(қазынашылық органдарында кредиторлық берешектің тіркеу N,  
қазынашылық органы басшысының қолы, мөрі)

|   |
|---|
| Мемлекеттік мекеменің!Беруші алдындағы!2, 3 және т.б.!Республикалық бюд.  |
| тікелей беруші алдын.!тікелей беруші. !берушінің бе. !жетке төленетін тө. |
| дағы берешегі !нің берешегі !решегі !лемдер бойынша тіке.                 |
| ! ! ! !лей берушінің, Беру.   |
| ! ! !шінің берешегі   |

Экономикалық !Сомасы,! Атауы, !Сомасы,!Атауы, !Сомасы,!Атауы,!Кіріс.!

С о м а с ы

жіктеменің ! теңге !орналас.! теңге !орна. ! теңге !орна. ! тер !теңге  
ерекшеліктері! !қан жері! !ласқан ! !ласқан! коды !  
! ! СТН-і ! !жері, ! ! жері,! !  
! ! ! !СТН-і ! ! СТН-і! !

-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9  
-----

-----  
Жиыны ! ! Жиыны ! ! Жиыны ! ! ! Жиыны !  
-----

Жиыны, өтелуге тиіс сома жиыны -----  
(сомасы жазумен)

Осы сызбаға мыналар қоса беріліп отыр:

1. -----

2. -----

3. -----

Мемлекеттік мекеме  
басшысының қолы

-----

аты-жөні, лауазымы

Тікелей беруші-ұйым.  
басшысының қолы

-----

аты-жөні, лауазымы

МО

МО

1-беруші-ұйым  
басшысының қолы

-----

аты-жөні, лауазымы

МО

2-беруші ұйым  
басшысының қолы

-----

аты-жөні, лауазымы

МО

Кредиторлық берешекті өтеу туралы белгі:  
Өтелгені: -----

(төлем тапсырысының N, қазынашылық органы басшысының қолы)

Ескерту: 2 және 9-бағандардың сомалары тең болуы керек

Н 6 - н ы с а н

Мұқабаның үлгісі

-----

(Қазынашылықтың аумақтық органының атауы)

Кредиторлық берешекті өтеу сызбаларын тіркеу  
ЖУРНАЛЫ

---жылғы-----басталды

---жылғы-----аяқталды

Жалғасы

Журналдың барлық парақтары осы үлгі бойынша басылсын

-----

Сызбаның!Тіркеу! Мемлекеттік!Тіркеу! Тікелей ! Сызба ! Өтеу туралы белгі  
нөмірі ! күні ! мекеменің ! коды !берушінің!бойынша!-----

! ! атауы ! ! атауы !сомасы !Төлем !Күні!Сомасы

! ! ! ! !(теңге)!тапсыр.! !(теңге)

! ! ! ! ! нөмірі ! !

-----

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9

-----  
-----  
N 7-нысан  
Кредиторлық берешекті өтеуге қатысатын  
мемлекеттік мекемелердің тізілімі

-----  
(республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшесі) (күні)

-----  
N ! Мемлекеттік ! Орналасқан ! Сомасы  
р/р ! мекеменің атауы ! жері ! теңге  
-----  
1 ! 2 ! 3 ! 4  
-----  
-----

Б а р л ы ғ ы

-----  
Осы тізілімге мыналар қоса беріліп отыр:

1. -----
2. -----
3. -----

Республикалық бюджеттік  
бағдарламалар әкімшісінің  
қ о л ы

-----  
аты-жөні, лауазымы

МО

N 8 - н ы с а н

2000

ж ы л ғ ы

"---"-----  
-----

(облысы, салық органының атауы)

СҰРАУ САЛУ - РАСТАУ

-----салық органының  
(қазынашылықтың аумақтық органының атауы)

2000 жылғы "----"-----N---- анықтамасында аталған-----  
(салық төлеуші -  
-----бюджетке төлемдер бойынша берешек сомасын растауды сұрайды.  
Ұйымның атауы мен СТН-і)

------(қазынашылықтың аумақтық органы басшысының қолы, аты-жөні)

-----  
(салық төлеуші - ұйымның атауы мен СТН-і)

2000 жылғы "--"-----N--- анықтамада көрсетілген 1999 жылғы "---"  
----- өтелуге жататын 2000 жылғы "--"----- республикалық  
бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешек -----  
(сомасы санмен)

(-----) теңгені құрайтындығын растаймыз.  
сомасы жазумен

оның ішінде төлем түрлері бойынша:

-----  
-----  
------(аумақтық салық органы басшысының қолы, аты-жөні)

2000 жылғы "--"----- N---- МО

----- салық органының 2000 жылғы "---"-----N-----

растауында көрсетілген республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша  
-----кредиторлық берешегі

(салық төлеуші ұйымның атауы мен СТН-і)

------(-----) теңгені

(сомасы санмен) (сомасы жазумен)

құрайтынын растаймыз.

------(қазынашылықтың аумақтық органы басшысының қолы, аты-жөні)

2000 жылғы "---"----- N ----

МО